

П. Бисенбаев

**«ЖҮСП-ЗЫЛИХА» ДАСТАНЫНЫҢ
НҰСҚАЛАРЫ:
ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

Монография

Алматы

ӘОЖ 821.512.122.0(07)

КБЖ 83,3 Қаз я 7

Б 58

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми
Кеңесі және Редакциялық баспа кеңесі ұсынған*

Кітап ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру есебінен шығарылды

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы,
профессор **Қ. Мәдібаева**

Филология ғылымдарының докторы,
профессор **З. Бисенғали**

Монография жұмысына қатысқандар:

Ж. Тілепов, Н. Сағындықұлы, Б. Рақымбекова, А. Жұмағалиева

Бисенбаев Пазылбек

Б 58 «Жүсіп-Зылиха» дастанының нұсқалары: дәстүр және жаңашылдық: монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. - 114 б.

ISBN 978-601-247-913-3

Монографияда «Жүсіп-Зылиха» дастанына өзек болған көне сюжеттердің шығу төркіні мен зерттелу жайы, дастанның жанрлық сипаты, образдар жүйесі, бейнелеу амалдарына қатысты мәселелері қарастырылады. Дастан нұсқаларындағы дәстүрлі тақырыптардың Әли шығармаларына ықпал-әсері ашылады.

Кітап маман-филологтарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сонымен бірге жалпы жыр сүйер қауымға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0(07)

КБЖ 83,3 Қаз я 7

ISBN 978-601-247-913-3

© Бисенбаев П., 2013

Сұлулық пен әдеміліктің символы ретінде әлем әдебиеті тарихына енген сюжеттердің бірі – «Жүсіп-Зылиха» оқиғасы.

Бұл сюжет сан ғасыр бойы түрлі халықтар арасында әдеби шығармашылық жұмыстардың өсіп өркендеуіне, әдеби үдерістің идея мен мазмұн, пішін жағынан баюына қызмет етті. Оған бұл сюжеттің таралу тарихы да куә.

Жалпы Алтын Орда тарихында хатка түскен жазба ескерткіштердің түп-төркінін, қайнар көзін жан жақты зерттеудегі ғылыми ұстанымдардың бірі – көне мұраларды көркемдік дәстүр жалғастығы шеңберінде қарастыру болып табылады. Өйткені, әрбір ұрпақ ата-бабамыз жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отырмақ. Сонда ғана мәдени кеңістіктегі рухани түлеу мүмкіндіктері жүзеге асады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Тарихи тек-тамырыңның тереңнен бастау алғанын танып түсіну, ата-бабасының шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтан ету, тоталитарлық кезеңнің зардаптарынан арылу, сөйтіп, тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруге тиіс және трихтағы оз орныңды білу, бабаларды ру төмпешігі деңгейінде емес, жалпы ұлттық өреде мақтаныш тұту, ұлан-байтақ Евразия тарихында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын түзеп, ұлттың қадір-қасиетінді қорлайтын жаттанды жалалардан арылу, міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар», [1,14-15] – деп айқын бағдар ұсынып отыр.

Әлем әдебиетінде Әли қаламынан туған дастанның өзіндік орны бар. Өзінің кесек жаратылысы, идеялық анықтығы, көркемдік құндылығы жағынан «Қисса Жүсіп» Алтын Орда дәуіріндегі жалпы түркі әдебиетінің үлкен табысы дерлік. Анау Інжілден бастап алатын көне сюжеттің осы туындыға өзек болған уақиғалардың араб, парсы жұртында бұрыннан айтылып келгенін батыс, шығыс зерттеушілері дәлелдеген. Әрине, Әли туындысы олардың көшірмесі де, жадағай көлеңкесі де емес,

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1-бөлім ЖҮСІП ЖАЙЫНДАҒЫ СЮЖЕТТЕРДІҢ ТУЫП- ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘН ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ.....	6
2-бөлім «ҚИССА ЖҮСІП» ДАСТАНЫНДАҒЫ ЖҮСІП БЕЙНЕСІ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҒАШЫЛДЫҚ.....	34
3-бөлім «ҚИССА ЖҮСІП» ДАСТАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІС, СТИЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БЕЙНЕЛЕУ АМАЛДАРЫ.....	77
Қорытынды.....	101
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	111

